



ТЕОРИЯЛЫҚ ПӘНДЕР ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ДИСЦИПЛИНЫ THEORETICAL DISCIPLINES



ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ
ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ
INNOVATIVE TEACHING METHODS

УДК: 616-002.5: 378.6

DOI 10.56834/26631504_2022_1_126

М.Т. Кожамуратов¹, <https://orcid.org/0000-0002-7493-9059>

Ж. Мутайхан¹, <https://orcid.org/0000-0003-0742-3092>

М.Р. Беймбетова¹, <https://orcid.org/0000-0003-2824-3269>

Б.М. Алиева², <https://orcid.org/0000-0003-2271-5173>

¹НАО «МУК», Караганда, Казахстан

²Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

ФТИЗИАТРИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ИНТЕРНДЕРДІҢ АҒЫМДЫҚ БАҒАЛАРЫН ТАЛДАУ ҮШІН КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУДАҒЫ НӘТИЖЕСІ

Түйін. Кредиттік технология бойынша оқытудың ағымдық бағалары дәстүрлі оқытумен салыстырғанда жоғары болғанын көреміз. Кредитті технология оқыту кезінде дәстүрлі оқытуда болмаған, яғни оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін интерндрдің өзіндік жұмыстарының арқасында тәлімалушылардың тәжірибелік (клиникалық) жұмыстары біраз жақсарғанын көрсетті.

Түйінді сөздер: Кредиттік технология, оқыту әдістемелері, ағымдық баға, интерндер, фтизиатрия

М.Т. Кожамуратов¹, Ж. Мутайхан¹, М.Р. Беймбетова¹, Б.М. Алиева²

¹НАО «МУК», Караганда, Казахстан

²Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

РЕЗУЛЬТАТ ПРИМЕНЕНИЯ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ КРЕДИТНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ДЛЯ АНАЛИЗА ТЕКУЩИХ ОЦЕНОК ИНТЕРНОВ ПО ДИСЦИПЛИНЕ «ФТИЗИАТРИЯ»

Резюме. Мы видим, что текущие оценки на обучении по кредитной технологии выше, чем при традиционном обучении. Практические (клинические) работы интернов показали некоторые улучшения, которых нет в традиционном обучении, то есть благодаря самостоятельной работы интернов под руководством преподавателя.

Ключевые слова: Методы обучения, кредитная технология, текущая оценка, интерны, фтизиатрия

М.Т. Kozhamuratov¹, Zh. Mutaikhan¹, M.R. Beimbetova¹, B.M. Aliyeva²

¹НАО "МУК", Karaganda, Kazakhstan

²E.A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Kazakhstan

THE RESULT OF APPLYING THE METHODS OF TRAINING CREDIT TECHNOLOGY FOR ANALYZE THE CURRENT MARKS OF INTERNS IN THE SUBJECT OF PHTHISIOLOGY

Resume. We see that the current marks for credit technology training are higher than with traditional training. Practical (clinical) work of interns showed some improvements that are not present in traditional training, that is, due to the independent work of interns under the guidance of a teacher.

Keywords: Training methods, credit technology, current mark, interns, phthsiology

Кіріспе. Кредиттік жүйе студенттердің өз бетімен ізденуін, белсенді түрде жүйелі білім мен дағдыларды меңгеруін қарастырады. Осындай оқыту әдісінің нәтижесінде студенттерде кәсіби білім мен қызығушылық дамиды. Дегенмен кредиттік технология бойынша пәнді оқытуда түрлі қиындықтар туындайды. Бұл студенттің оқытушымен дайындалуынан гөрі өз бетімен білім алуға көбірек уақыт бөлетіндігімен байланысты [1]. Қазіргі уақытта Қазақстанның медициналық жоғары оқу орындарында оқытудың кредиттік технологиясының әдістемесі қолданылады. Кредиттік технология – оқытудың көлемі кредиттік түрде есептелетін, оқу процесі қатаң жүйеленген, шығармашылық білімді меңгеру өзіндік білім алуды

айқындау және дамыту түрінде жүзеге асатын білім беру технологиясы. Студенттердің өзіндік жұмыстарымен (СӨЖ) қатар тұрған кредиттік технологияны енгізумен қоса оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттердің өзіндік жұмыстары да пайда болды (СӨЖЖ) [2].

Қазақстанның медициналық жоғары оқу орындарында фтизиатрия пәнін оқыту мәселесі тәжірибеде фтизиатрия түрлерінің өзгеруімен байланысты. Оқыту процесі өкпе туберкулезінің көптеген салаларына қатысты көзқарастардың өзгеріп отыруын ескеруді талап етеді, себебі білім берудің мәні денсаулық сақтау қажеттіліктеріне және қазіргі заманғы медицина ғылымының жетістіктеріне сай келуі керек. Тәжірибелік сабақтар

мен дәрістерде еліміздегі туберкулезді бақылау мен күресу жүйесіне көп көңіл бөлінеді[3].

Зерттеу әдістері мен материалдары. Бұл мақалада кредиттік оқыту технологиясының тиімділігінің негізгі тапсырмаларының сапасы және оқу процесіндегі интерндердің фтизиатрия пәні бойынша ағымдық бағалары қарастырылады. Ол үшін оқу журналдары, бағалау тізімдері, кафедра жұмыстарының оқу жылдары бойынша есептері және интерндердің кері байланыс сауалнамалары пайдаланылды.

Зерттеуді талқылау және нәтижелері. Кредиттік оқыту технологиясы Қарағанды медицина университетінің жұқпалы аурулар және фтизиатрия кафедрасында 2014-2015 оқу жылынан бастап қолданылып келеді. Фтизиатрия пәні бойынша интерндерді кредиттік технология жүйесімен оқыту «Жалпы медицина» мамандығының 6-шы және 7-ші курстарына жүргізіледі. Оқу процесі «Жалпы медицина» мамандығының 6 курсына дайындықтың 2 бағыты бойынша, яғни жалпы тәжірибелік дәрігер (ЖТД) және ішкі аурулар (ІА) бағыты бойынша жүзеге асырылған. Интерндерді 7-ші курсты оқыту үдерісі кезінде педиатрия (Пед) мамандығы бойынша дайындау жүргізіледі. Интерндердің оқу сағаттарын есептеу көлемі барлық бағыттар бойынша бірдей, «Жалпы медицина» мамандығы бойынша 6-7 курс, яғни 4 кредиттен, 180 сағат, оның ішінде 60 сағат тәжірибелік сабақ, 60 сағат оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттердің өзіндік жұмыстары (СӨЖЖ) және 60 сағат студенттердің өзіндік жұмыстары (СӨЖ) болып табылады.

СӨЖЖ бойынша әр дайындық бағытындағы интерндер медицина мекемелерінде әртүрлі жұмыстар жүргізілді. Педиатрия бағыттары бойынша 7 курс интерндері облыстық туберкулезге қарсы диспансердің балалар мен жасөспірімдер бөлімшесінде оқытушының жетекшілігімен өз бетінше науқастарды қарап, олардың медициналық құжаттарын толтырып отырды. Сонымен қатар олар таңғы дәрігерлер конференцияларына және бөлімшедегі дәрігерлік консультативтік комиссияларға (ДКК) қатысып отырды.

Ішкі аурулар бағыттары бойынша оқытылатын интерндер облыстық туберкулезге қарсы диспансердің жаңа және қайта анықталған бацилла бөлгіштіктері жоқ туберкулез науқастарына курация жасап отырды. Интерндер кафедрада оқытушының жетекшілігімен науқастарға өз бетінше курация жасап, күнделіктерді, кезеңдік эпикриздерді, ауыстыру эпикриздерін және шығару эпикриздерін толтырып, оларды қағазға және электронды порталға толтырып отырды. Сонымен қатар олар таңғы дәрігерлер конференцияларына, бөлімшедегі ДКК-ға, дәрігерлік патологиялы-анатомиялық

конференцияларға, кафедра доцентімен немесе кафедра меңгерушісімен бірге бөлімшедегі науқастарды қарауға қатысып отырды.

Жалпы дәрігерлік тәжірибені дайындау бағыты бойынша оқитын 6 курс интерндері оқытушының жетекшілігімен облыстық туберкулезге қарсы диспансердің №1 және №2 туберкулезге қарсы диспансер бөлімшелерінің учаскесінде амбулаторлық науқастармен жұмыс жүргізді. Олар диспансерлік бөлімшелерде диагностикаға, науқастарды тексеруге, ем қабылдап жатқан науқастарды бақылауға, емдеу жұмыстарына және туберкулездің алдын алуға жұмыстарына қатысты.

Интерндер өзіндік жұмыстарды жүргізу кезінде өзіне деген сенімділігі артып, клиникалық ойлау қабілеттері және коммуникативті дағдылары дамиды.

Медицина қызметкерлері заманауи медицинаға сәйкес өз біліктілігін үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Туберкулезбен күресудің ұлттық бағдарламасы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының стратегиясына негізделгенің айта кеткен дұрыс[3]. Бұл барлық жұмыстар кредиттік технологияны оқыту үдерісінде кеңінен қолданылады. Кредиттік технологияны оқыту үрдісінің арқасында дәстүрлі оқыту әдістемесінде болмаған ОСӨЖ арқасында интерндердің практикалық жұмыстары айтарлықтай жақсарғанын байқауға болады. Осы мақсатта сауалнамадан кейін кері байланыс ретінде кредиттік технологияны оқыту бойынша интерндерден көптеген оң жауаптар алдық, яғни бұл оқу үдерісінің тыңдаушылар үшін де пайдалы екеніне көз жеткіздік. Олардың жауаптарында клиникалық дағдылары көп екені және емханада емін-еркін жұмыс істей алатындары айтылды.

Кредиттік технологиямен оқыту мен дәстүрлі оқыту әдістерінің фтизиатрия пәні бойынша интерндердің ағымдық бағаларын талдау үшін кафедраның 2011-2012 оқу жылынан 2016-2017 оқу жылына дейінгі оқу журналдары, бағалау тізімдері пайдаланылды. Интерндердің дәстүрлі оқыту әдісі бойынша ағымдық бағалары 2011-2012 оқу жылынан бастап 2013-2014 оқу жылына дейінгі бағалау журналдары, бағалау тізімдері қарастырылса, ал кредиттік технология оқытуы бойынша ағымдық бағалары 2014-2015 оқу жылынан 2016-2017 оқу жылына дейінгі бағалау журналдары, бағалау тізімдері қарастырылды. Мұнда 2011-2017 оқу жылының 7 курс педиатрия мамандығының интерндерінің, 2011-2013 оқу жылының 7 курс жалпы тәжірибелік дәрігер дайындау бағыты интерндерінің, 2014-2017 оқу жылының 6 курс жалпы тәжірибелік дәрігер дайындау бағыты интерндерінің, 2012-2017 оқу жылының 6 курс ішкі аурулар бағыты бойынша интерндерінің бағалары қарастырылды.

Кесте 1 - 2011-2017 жж. фтизиатрия пәні бойынша интерндердің ағымдық бағаларының нәтижелері

Оқу жылдары	Оқу түрлері	Пед 7 курс		ІА бкурс		ЖТД 7 - 6 курс	
		Ағымдық бағалар	Интерн саны	Ағымдық бағалар	Интерн саны	Ағымдық бағалары	Интерн саны
2011-2012	Дәстүрлі	76,1%	150	-	-	73,9%	53
2012-2013	Дәстүрлі	75,6%	34	77,6%	127	76,5%	74
2013-2014	Дәстүрлі.	80,1%	50	81,5%	270	-	-
Барлығы	Дәстүрлі	77,2%	234	79,5%	397	75,2%	127
2014-2015	Кредит	77%	51	81%	136	71%	53

2015-2016	Кредит	82%	71	87%	136	84%	266
2016-2017	Кредит	83%	93	82%	285	83%	345
Барлығы	Кредит	80,6%	164	83,3%	557	79,3%	664

Қорытынды. Қорытындылай келе, дәстүрлі оқытумен салыстырғанда кредиттік технология бойынша оқытудың ағымдық бағалары жоғары болды деп айта аламыз. Яғни, дәстүрлі оқыту әдістемесінде болмаған оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін интерн-дердің өзіндік жұмыстарының арқасында тәлімалушылардың тәжірибелік жұмыстары, айтарлықтай біраз жақсарды. Осылайша, біз кредиттік технологияны меңгеру кезінде өзіндік жұмыстың артуына байланысты тәжірибелік (клиникалық) дағдылардың ең жоғары көрсеткіштерін көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Досмагамбетова Р. С. Педагогически процесс в медицинском образовании. – Караганда, 2012. – 130 с.
- 2 Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы.
- 3 Ракишева А. С. Современные технологии преподавания фтизиатрии в вузе // Фтизиопульмонология. – 2012. – №1 (20). – С. 104-106.

REFERENCES

- 1 Doshmagambetova R. S. Pedagogicheski process v medicinskom obrazovanii. – Karaganda, 2012. – 130 s.
- 2 Oqytudyn kredittik tehnologijasy bojnsha oqu procesin ujymdastyru qagidalaryn bekitu turaly // Qazaqstan Respublikasy Bilim zhəne ғылым ministriniң 2011 zhylғы 20 səuirdegi № 152 bұyrғы.

Информация об авторах:

Кожамуратов Маргулан Толенович НАО «МУК», Караганда, Казахстан Kozhamuratov@qmu.kz тел. 87015085473.
Мутайхан Жумат НАО «МУК», Караганда, Казахстан tusipkaly1971@mail.ru
Беймбетова Маржан Рымхановна НАО «МУК», Караганда, Казахстан beymbetova@qmu.kz
Алиева Багдат Магдигараповна Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан Aliyeva.bagdat@mail.ru

3 Rakisheva A. S. Sovremennye tehnologii prepodavanija ftiziatrii v vuze // Ftiziopul'monologija. – 2012. – №1 (20). – S. 104-106.

Авторлардың үлесі. Барлық авторлар осы мақаланы жазуға тең дәрежеде қатысты.

Мүдделер қақтығысы – мәлімделген жоқ.

Бұл материал басқа басылымдарда жариялау үшін бұрын мәлімделмеген және басқа басылымдардың қарауына ұсынылмаған. Осы жұмысты жүргізу кезінде сыртқы ұйымдар мен медициналық өкілдіктердің қаржыландыруы жасалған жоқ. Қаржыландыру жүргізілмеді.

Authors' Contributions. All authors participated equally in the writing of this article.

No conflicts of interest have been declared.

This material has not been previously submitted for publication in other publications and is not under consideration by other publishers. There was no third-party funding or medical representation in the conduct of this work. Funding - no funding was provided.

Вклад авторов. Все авторы принимали равносильное участие при написании данной статьи.

Конфликт интересов – не заявлен.

Данный материал не был заявлен ранее, для публикации в других изданиях и не находится на рассмотрении другими издательствами. При проведении данной работы не было финансирования сторонними организациями и медицинскими представительствами. Финансирование – не проводилось.